

Қазақстан Республикасында мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1996 жылғы 7 қазан N 3121. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Бірыңғай мемлекеттік жастар саясатын іске асыру, оны құқықтық жағынан қамтамасыз ету, жастар шығармашылығы мен әлеуметтік маңызы бар бастамаларын қолдау, жастарды еңбекке орналастыру және жұмыспен қамту проблемаларын шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) "Жастар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеп, 1997 жылдың 1-тоқсанында Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізсін ;

2) 1997 жылдың 1 маусымына дейін шағын және орта кәсіпкерлікті, жастар шығармашылығын, әлеуметтік маңызы бар бастамаларын, сондай-ақ балалар және жастар бұқаралық ақпарат құралдарын дамытуды мемлекеттік қолдау шараларын әзірлейтін болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті